

Газет 1948 ж. 20 сәуірінен шыға бастады

# Қазақ университеті

№ 2 (1275) ақпан 1999 жыл


## Жаңа Жарғы жадыңызда жүрсін!

**25 ақпанда тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш халық санағы басталды.**

1.2. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті - ***республикалық мемлекеттік кәсіпорын түріндегі жоғарғы оқу орны*** - заңды тұлға болып табылады...

1.3. Заңды тұлғаның қазақ тіліндегі толық атауы - ***"Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті"*** - шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны. Орыс тіліндегі атауы - республиканское голсударственное предприятие на правах хозяйственного введения ***"Казахский Государственный национальный университет им. аль-Фараби"***. Қазақ тіліндегі қысқартылған атауы - ***Әл-Фараби атындағы ҚазМУ***, орыс тілінде - ***КазГУ им. аль-Фараби.***

***1999 жылғы қаңтардың 15-інде Ғылыми кеңестің мәжілісінде қабылданған бұл Жарғыдан үзінділі газетіміздің 13-бетінен оқисыздар.***

*...Кейбіреулер*
*әйелдерді көп дейді,*
*Ойбай, ойбай,*
*бола берсін көп мейлі.*
*Әйел деген*
*әдемі ғой, әдемі,*
*Әдемілік*
*бізге көптік етпейді!*

*М.Мақатаев.*



8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні.

8 марта - Международный Женский день.

**Мейрамдарыңыз құтты болсын!**

***Газетіміздің келесі саны наурыз айының соңғы күндерінде шығатындықтан, 8-март Халықаралық Әйелдер күніне арналған материалдарымызды алдын-ала 4-беттен оқисыздар.***

В целях улучшения деятельности университета и на основании нового Устава КазГУ им. аль-Фараби

**П Р И К А З Ы В А Ю :**

Установить следующее распределение служебных обязанностей между должностными лицами ректората:

*(Продолжение см. на 2-й стр.).*


ПРИКАЗ № 23


*Ақпарат-айдын 3-бет*

*Біздің ағай 5-бет*

*Проблема! 6-стр.*

*Студент студент көзімен 8-9-беттер*

*Жарнама Реклама 16-бет*



**НАРИБАЕВ К.Н. -**
*ректор университета*

1. Руководство всей деятельностью университета и представление его в государственных органах, во всех учреждениях и организациях.

2. Работа с администрацией Президента РК, аппаратом Правительства РК, Парламентом РК, Министерством науки и высшего образования, ДАНК, МИД, АН РК, областными, городскими и районными акиматами и маслихатами, другими государственными органами.

# Курируемые проректорами КазГУ подразделения

**ОРУНХАНОВ М.К.**
*- проректор по учебной работе*



- Учебный отдел
- Студенческий отдел
- Магистратура
- Служба занятости
- Отдел дистанционного образования
- Компьютер-центр
- Совет по компьютеризации и техническому оснащению
- Комиссия по профилактике правонарушений
- Военно-мобилизационный отдел

**БАИМБЕТОВ Ф.Б.**
*- проректор по научной работе и международным связям*



• Управление научными исследованиями
• Научно-исследовательские институты. • Научные центры.
• Биомузей. • Технопарк
• Учебно-производственный центр “Экос”. •Управление международных связей. •Подготовительный факультет
• Совет молодых ученых
• Научно-координационный совет
• Отдел охраны труда и техники безопасности

**МУРЗАБЕКОВ З.Н.**
*- проректор по социальным и экономическим вопросам (за счет внебюджетных средств)*



- Отдел по социальным вопросам
- Финансово-экономическое управление
- Управление бухгалтерского учета
- Общество ветеранов
- Комбинат питания
- Спортивно-оздоровительный лагерь, школьный лагерь
- Комиссия по социальным вопросам
- Работа с профсоюзными организациями.

**ЖАТКАНБАЕВ Е.Б.**
*- проректор по организационным и коммерческим вопросам*



• Учебно-методический отдел.•Учебно-методическое объединение
• Библиотека
• Фотолаборатория, газета “Қазақ университеті”.
•Копировально-множительная служба.• Пресс-центр
• Музей истории университета.• Издательство "Қазақ университеті"
• Институт повышения квалификации
• Служба маркетинга и коммерции. УДиП и юридическая служба. • Научно-методический совет.
• Экспертно-контрактная комиссия. • Экспертная комиссия по ученым званиям

**БАЙМУРЗАЕВ К.М.**
*- проректор по общим и производственно-хозяйственным вопросам*



- Экспериментально-производственный центр
- Дирекция административно-хозяйственной части
- Дворец студентов
- Отдел охраны труда и техники безопасности
- Штаб гражданской обороны
- Служба защиты информации
- Тендерная комиссия
- Студенческий клуб.

*Ректор* **НАРИБАЕВ К.Н.**

### Ақпарат-айдын

Ақпанның 8-інде студенттердің қысқы демалыстары аяқталып, жаңа оқу семестрі басталды.

## Аттестация жүріп жатыр

Университет бойынша филология факультетінде аттестация жүріп жатыр. Осы факультетте ақпанның 9-да кәсіподақ кеңесі болып, онда оқытушыларды 30%-ке қысқарту мәселесі қаралды. Және "қысқартылды" деген оқытушылардың тізімін ұсынды.

## "Махаббат күнінен" соң ғашықтар түні

Ақпанның 13-жұлдызында магистранттардың №13 жатақханасында "Махаббат күніне" арналған би кеші болып өтті. Кешке жиналған көрермен қауым әдемі сезімге толы сыршыл хаттардың куәсі болды. Кеш соңы ғашықтар түніне ұласты.

## "Терісқақпай" және Қыдырғали Көбентай

Ақпанның 14-ші жұлдызында студенттер сарайында "Терісқақпай" комедия театрының ұйымдастыруымен Республикалық әзіл-сықақ конкурсының лауреаты, ақын, әнші, сазгер Қыдырғали Көбентайдың көңілді кеші болды. Сондай-ақ, кешке әншілер Жанар Айжанова, Шәкизада және Рамазан Стамғазиевтер де қатысып,, өз өнерлерін көрсетті. "Терісқақпай" театрының көркемдік жетекшісі Асқар Наймантаевқа көрермендер өз ризашылықтарын білдірді.

### Құттықтаймыз!

## Фадли Алиге сыйлық берілді

Таяуда Түркия Республикасының Қазақстандағы елшілігінің Мәдениет жөніндегі кеңесшісі Алаадин Қорқмаз мырзаға Анкарадан қуанышты хабар келді. Хабарда белгілі түріктанушы ғалым, әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың Шығыстану факультеті түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі Фадли Әлиге 1998 жылы Түркиядағы "Түрік ошақтары" қоғамының түрік жазушысы Хүсейін Нихал Атсыз атындағы "Түрік әлеміне сіңірген қызметі үшін" сыйлығы берілгені және бұл сыйлықтың оған сәуір айында тапсырылатыны айтылған.

## Кеудемізде белгішек бар, бірақ...

23-ақпанда өткен университет Ғылыми кеңесінің кезекті мәжілісінде оқу жүйесін талдау, саралау, дамыту мәселелері сөз болды. Онда алғаш рет профессор, доцент, оқытушы, студенттер кеудесіне арнайы шығарылған "Профессор КазГУ", "Доцент КазГУ", "Преподаватель КазГУ", "Студент КазГУ" деген белгішектер тағылды.

Сонымен, кеудемізде арнаулы белгішек бар, бірақ...

# Жизнь, прожитая в согласии с совестью

У.ШАРИПОВ, отличник высшей школы, доцент



Профессору А.С.Соловьеву 75 лет

"По моему разумению, - писал Шакарим Кудайбердиев, - продолжатель гуманистических идей Абая, его племянник и ученик, наставник Мухтара Ауэзова, - основной для хорошей жизни человека должны стать честный труд, совестливый разум, искреннее сердце. Вот три качества, которые должны властвовать над всем. Без них не обрести в жизни мира и согласия".

Этими тремя качествами обладает Алексей Васильевич Соловьев - с которым я работаю вместе в одном коллективе без малого 35 лет, считаю своим наставником в научной и педагогической деятельности.

17 февраля 1999 года исполняется 75 лет со дня рождения академика Академии политических наук Республики Казахстан, доктора исторический наук, профессора Соловьева Алексея Васильевича.

В 1946 году двадцатидвухлетний Алексей Соловьев поступает в Казахский государственный университет на историко-филологический факультет, отделение истории. Годы учебы в университете оставили неизгладимые воспоминания о встречах с такими учеными, как академик Н.С.Сауранбаев, профессор С.Н.Покровский, доцент С.М.Махмудов, М.Махмудов, М.Богуславский, читавшими лекции на историческом факультета.

Большое влияние на формирование личности А.Соловьева оказал Е.Б.Бекмаханов, читавший на факультете курс истории Казахстана. Посещая лекции профессора, Бекмаханова, молодой человек впитывал в себя ту любовь к истории, которая чувствовалась в каждом слове и в каждом жесте педагога. Искренность и убежденность, честность и порядочность, человечность и простота - вот те качества ученого, которые перенял А.В.Соловьев от своего учителя и которые помогли ему занять достойное место в научном мире.

После окончания университета, в 1951 году, молодого, перспективного специалиста приглашает в лекторскую группу Алма-Атинского обкома партии. Но ректор КазГУ Т.Т.Тажибаев делает ему встречное предложение, направившее его судьбу в другое русло. Его оставляют в университете на должности заведующего отделом аспирантуры.

Склонность к научно-исследовательской работе, активное участие в общественной жизни университета сыграли свою роль в научной судьбе А.С.Соловьева. Позже он был зачислен в аспирантуру. Учеба в аспирантуре, работа над кандидатской диссертацией по теме "Создание основной базы цветной металлургии в Казахстане", ее успешная защита и результат - через три года присуждена ученая степень кандидата исторических наук. Не останавливаясь на достигнутом и продолжая научную работу, А.В.Соловьев, спустя двадцать лет, защищает докторскую диссертацию по развитию цветной металлургии Казахстана - стержня индустрии страны.

Профессор Соловьев А.В. - автор ряда научных трудов. Среди них - монография "Индустрализация Казахстана", фундаментальный труд "Цветная металлургия Казахстана: исторический очерк".

Ученый высокой эрудиции, обаятельный человек, замечательный педагог, настоящий патриот молодого суверенного государства Алексей Васильевич Соловьев, несмотря на возраст, в добром здравии и с недемной энергией встречает свой семидесятипятилетний юбилей.

Қазақ университеті

1999 - Ұрпақтар үндестігі мен сабақтастығы жылы

# Жеті буыннан жетелі сөз

***Валентина Әйтешқызы ЕСЕНҒАЛИЕВА,***
филология ғылымының докторы, профессор

- Меня единственно беспокоят мои труды, бесплатно не публикуется. Я работаю, пишу потому что я не могу не заниматься научными работами. Это для меня важнее хлеба.



***Майя Хажетдинқызы ШИГАЕВА:***

- XXI ғасыр табалдырығымыздан әне-міне аттағалы отыр. Осы уақытқа дейінгі істеген еңбектерді қайта қарап, жаңа ғасырға үлкен дайындықпен баруымыз керек. Оның үстіне биология саласында көптеген өзгерістер, концепциялар еніп жатыр.

Және бір айтарым: жастарымыз жалынды болса екен. Білімдері терең болып, шаршамай еңбек етіп, қандай жұмысты істесе де, тіпті қара жерді қазса да шын пейілімен еңбек етсе...



***Надия Серікбайқызы ШӘРІПОВА:***

- Сейчас наша большая задача привлечь молодежь, причем нашу коренную национальность - казахскую молодежь к образованию. Чтобы интерес к образованию не угасал. Очень грустно, печально становится, когда молодые ребята нашей коренной национальности торгуют на базаре и занимаются не тем, что надо делать.



***Алма ҚЫРАУБАЙҚЫЗЫ:***

- Ұлттық болмыс (менталитет) бар, тобырлық болмыс бар. Тобырлық менталитет жеке адамның мүддесіне қарай қалыптасады. Қазір материалдық құндылықтың тілі орыс, ағылшын тілі. Сондықтан, қазақ тілін білмесе, ештеңе етпейді, ал орыс, ағылшын тілінсіз алысқа бара алмайтынын сезіп отырған ата-ана баласын ағылшын тіліне тықпалайды.

Сонда... қазіргі жастардың ішінде ұлттық санадан, тілден, діннен жырақ өскендер ертеңгі ұлттық элитаның негізі болып қаланатын болса, ұлттық мүддеміздің тағдыры қалай болар екен...

***Айгүл РАМАЗАНОВА:***

-Нарық әлеміне бойлағалы бері қат-қабат өзгерістер болып жатыр. "Дайын асқа үйреніп" қалған көпшіліктің алғашқы тіксіне қарап, бойы үйренейін деді. Еті тірілері, қолы ұзындары заман ағымынан қалыспай, "қазіргі үлгіде" өмір сүруде. Ал қолы қысқалары ше?..





***Гүлмира СҰЛТАНБАЕВА:***

Ғасырлар тоғысында қоғам өмірінде бір төңкеріс болып өтетінін тарих дәлелдеп бергендей. Сол өзгеріс қалай өң береді, төңкеріс төркіні алыс па, жақын ба деген сауалдар мазалауда.

Сондықтан да жас буынның өкілі - студенттер ілім-білім алудан, өркениеттің асыл баспалдақтарын қалаудан, өткеннің өзегіндегі әдеби, мәдени, тарихи мұрағаттардан сусындаудан жалықпаса екен деймін.

***Нәзира БЕРДАЛИЕВА:***

Көгілдір, жасыл, көгілдір, жасыл, көгілдір, жасыл шыршалар
Көгілдір жиек, көгілдір жолмен желбіреп жиі бұлт ауар.
Көгілдір сағым - қол бұлғап маған қоштаспай кеткен балалық
Көгілдір ғана қырқалар. Жас жанымды мұң шалар.
Көгілдір таулар, көгілдір баулар, көгілдір қырлар, жоталар
Көгілдір көлді көркейтіп тұрған көгілдір сонау топ арал.
Кетпейтін айтып, келмейтін қайтып, Ех, уақыт... қалай тоқталар?
Жанарың ғана боталар. Көгілдір аспан:
Мөлдіреп жатқан тұнғиық, тұнық кең теңіз
Биіктік күнын аспанмен ғана, аспанмен ғана өлшеңіз!
Бақыттың күнын барменен ғана, барменен ғана өлшеңіз!
Көгілдір көктем, көгілдір көктем: келмеске кеткен Он сегіз...



## Мерекелеріңізбен! С праздником!

*1999 - Халықаралық қарттар жылы*

# Біздің ағай

*Айнұр СЕМБАЕВА*



***Журналистика факультетінің студенттеріне 1996 жылдың сыйлаған бір жаңалығы - "Сана" деп аталатын радио және телестудиялардың өмірге келуі еді. Жаңалыққа жаны құмар жастар жас бағдарламаның желкенін жаюға жұмыла кірісіп кетті. Жарқ етіп үе толқынынан көріне бастаған хабардың жылдам бой көтеруіне студенттермен қатар Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері - Құнафия Мусиннің де үлесі зор екенін айта кеткен жөн.***

Иә, Құнафия ағасыз "Сананы" елестету де қиын. Ағай студенттердің тәжірибесін жетілдіруші маман ғана емес, ақылшы аға, жөн сілтер ұстаз да.

Қиналған сәттерде қол ұшын ұсынып, демеу беретін ағайдың өмірінің өзі өнеге...

Мінезінің жайдарылығынан ба, әлде әңгімесіне қызығы ма қашан көрсең ағайдың жаны жастарға толы. Сондай кезде ағай да: - Балаларым, адал жолдан адаспаңдар, өмірдің қиындығына мойымаңдар, - деп қуат бере өз өмірінен естеліктер бастайды.

- *Әке-шешемнен ерте айырылдым,* - дейтін сонда ағай. *Тіпті түрлерін де еміс-еміс қана білемін. Ал мендегі тәрбиенің қалыптасуына бірінші атам, сосын өмірдің өзі себепші болды. Өмір маған біреудің мұңын түсінуді, қайғысы мен қуанышын бөлісуді үйретті. Елпілдеп кімнің болсын көңілін қалдырмауым - сол өмірдің үйретуінен болар. Осы мінез әзірге дейін қалған жоқ.*

*Жаңаға тым құштар болдым. Сондықтан шығар, құрбыларым дәрігер, ұстаз, жүргізуші болғысы келсе, мен ауылдың үстінен өткен почта самолетін көріп ұшқыш болуды қаладым. Әркім ойлағанына жету үшін талпынуы, күресуі керек. Мен* де үлкен қалаларда ұшқыштар әзірлейтін оқудың бар екенін ести салысымен сол арманды ортаға жетуге асықтым. Кейін оқуға түскеніммен денсаулығыма байланысты тастауыма тура келді. Сондағы өкінгенім-ай...

Ағай сол бір ренішті күндерін есіне алып, осы сәтте түнжырай қалады. Ондай кезде қыздар жағы:

-Түу, ағай, соған да ренжисіз бе? Әлде бізбен бірге жұмыс істеу ұнамай ма? - дейміз назданып. Енді біріміз:

- Қайта өңкей жастардың арасында жасарып кеткен жоқсыз ба? - деп те әзілдеп қоямыз.

Қыздардың қалжыңынан кейін жас баладай бұртиып отырған ағай жадырап сала береді.

- Апыр-ай, қыздарым. Менің Медеуде болған селден жалғыз тірі қалғаным да сендердің тілеулеріңнің арқасында болды ғой сонда?!

- Енді қалай ойлап едіңіз? Ағай, бұл оқиға қашан болды?

- Ой, боталарым-ай. Ондай күн ұмытылушы ма еді?! Жүзіне мұң түнған ағай әңгімесін бастап кетеді.

*...1973 жылдың 15 шілдесі. Күн ыстық. Сол бір күндері үйімізге Свердловскіде тұратын бір жолдасым отбасымен қонаққа келе қалған еді. Алыстан келген досымды тауға апаруды жексенбіге жоспарлап та қойғанбыз, бәріміз Медеуге аттандық. Жазғы демалысын кім қаланың күйкі тірлігімен, күнделікті қайталанба көрініспен қарсы алғысы келсін дейсің?! Елдің бәрі тауға ағылып жатыр. Медеуге де жеттік. Таудың таза ауасының әсері ме тамаққа деген тәбетіміз де ашылып, табиғат аясында тамаша демалдық. Кешкі 6-лар шамасы болса керек, арқалап жүрген дыбыс жазғыш аппаратыммен айналамызды қоршаған тылсым дүниенің табиғи дыбыстарын жазып ала бастадым. Ағаштың сыбдыры, бұлбұлдың үні дейсіз бе, желдің уілі, өзеннің сарылы дейсіз бе - бәрі-бәрі менің кішкентай "қобдишама" жазылып жатты.*

*Осы бір сәтте манағы нәзік үнге өзгеше гүріл қосылғандай болды. Басында әлсіз естілген бұл үн сәт сайын гүрілге гүріл қосып, күшейіп, жақындап қалды. Тосын дыбысқа таңырқап, жоғары көз салғанымда, Кіші Алматы өзенінің бес қабат үйдің биіктігіндей болып көтеріліп, жолындағының бәрін көшіріп келе жатқанын көрдім. Жан-жағыма айқайлап - Қашыңдар! Жылдам қашыңдар!!! - деп өзім де магнитофон, кинокамераларымды жинай бергенім сол еді, алыстан көрінген қалың сел өз құшағына мені де ала кетті. Есімді бір білсем, бірде білмеймін. Судың біресе астына түссем, біресе үстіне көтерілемін.*

*Екі шақырым жерге дейін ағызған сел мені бөгеуге әкеп бір-ақ тірепті. Содан 8-9-дар кезінде құтқарушылар тауып, мені ауруханаға жеткізеді...*

Ағай үнсіз. Біз де естігенімізге есіміз шыққандай тым-тырыс, құлаққа ұрған танадай тып-тыныштпыз. Құнафаң күрсіне жымиды.

- Айтпақшы, ұшқыш болу мен "біздің ағайымызға" айналудың арасындағы бірнеше жылдың жайын айтпадыңыз ғой, - дейді қыздар тақылдап.

Көз әйнегін түзеп алып, ағай әңгімесіне қайта кіріседі:

- *Алғашқы арманымның аяғы анадай болған соң біразға дейін тауым шағылып жүрді. Алматыға келіп басқа оқу орындарына құжат тапсырайын десем, бәрінің қабылдау күнінен кешігіппін. Ал қабылдайтындары маған ұнамайды. сөйтіп жүргенде радиодан жаңадан байланыс техникумының ашылып, соған оқушылар қабылдайтыны туралы хабарландыру естідім. Бірден аңсарым ауды да сала берді. Ақыры құжатымды сонда тапсырып, түстім де кеттім. Бітірген соң радио, теледидарда жай қызметкерден бас дыбыс режиссеріне дейін көтерілдім. Осы жол мені балаларым, сендерге, "Санаға" жетелеп әкеліп тіреді.*

***Қиналған сәттерде қол ұшын ұсынып, демеу беретін ағайдың өмірінің өзі өнеге...***

"Тағы не сұрайсыңдар?" дегендей сұраулы жүзбен ағай бізге жымия қарайды. Ал ағайдың жымиғаны сондай керемет. Үнемі әдемі бір жылу шашып тұрады. Біз болсақ, әкелік мейіріммен ақылшымызға айналған Құнафия ағайдың жастарға деген сезімі мен сеніміне селкеу түсірмеуге тырысып келеміз.

Проблема!..

# Какой быть магистратуре?

ВЗГЛЯД
магистрантов-физиков

Более трех веков назад Ян Амос Коменский ввел классно-урочную систему образования. С тех пор она используется во всем мире, лишь слегка видоизменяясь, подчиняясь культуре и менталитету того или иного народа. Прогресс не стоит на месте, человечество должно брать друг у друга все прогрессивное и лучшее, но нельзя бездумно переносить понравившуюся систему образования, не подогнав ее к климатическим условиям данного региона.

Сама идея двухступенчатого образования хороша, но то, что у нас сейчас называется магистратурой, нуждается на наш взгляд, в серьезной доработке. Мы, сегодняшние магистранты, заканчивая обучение, заботясь о будущем науки и будущих выпускниках, попытались разработать концепцию магистратуры в нашем понимании. Может быть, лучше было бы назвать ее не концепцией, а руководством к действию. Мы не претендуем на оригинальность, возможно кому-то покажется, что наши запросы нереальны и требуют больших материальных затрат. Но выскажем свою точку зрения.

***Во-первых***, мы считаем, что необходимо определить конкретные цели и задачи магистратуры, которые будут четко и доходчиво разъяснены студентам и преподавателям (это может показаться смешным, но большинству из них не совсем ясно представляют себе, что это такое). Тогда государству не придется тратить деньги на обучение студентов, которые в будущем не принесут отдачи, потому что в магистратуру пойдут только те, кто действительно "бредит" наукой. Исходя из этого, ***во-вторых***, необходимо продумать программу обучения и методику проведения занятий, учитывать при этом мнения как студентов, так и преподавателей. Само название "Университет" предполагает, что его выпускники должны быть не только высококлассными специалистами в определенной области науки, но и всесторонне развитыми, интеллигентными людьми. Поэтому просто необходимо углубленное изучение английского языка имеющего мировое значение. Необходимо предоставить студентам богатый и добровольный выбор спецкурсов. Спецкурсы должны отвечать реалиям дня, быть не отвлеченными и абстрактными, имеющими актуальное и практическое значения. И не нужно, кстати, ограничивать временные рамки выбранного спецкурса. В третьих, необходимо студентам заранее раздавать конспекты с лекциями, чтобы они могли активно участвовать в процессе обучения.

Преподавательский состав магистратуры тоже должен быть высококлассным. Преподаватель просто обязан быть асом своего предмета и не столько теоретиком, сколько практиком! От личности преподавателя во многом зависит выбор студентом того или иного направления в науке.

***В третьих,*** техническое обеспечение и оснащение аудиторий КазГУ обязательно должны обновиться и соответствовать высокому званию Национального Университета.

***Четвертое.*** На наш взгляд, физическому факультету крайне необходима собственная библиотека с богатым научным фондом.

***Пятое.*** Необходимым видится проведение периодических конференций и симпозиумов с корифеями науки. Примером может служить последняя конференция в ИЯФе, но они (встречи) не должны быть в ущерб занятиям.

***Шестое.*** Магистрантам необходимы регулярные экскурсии в научные институты и лаборатории для ознакомления с современным оборудованием, установками и проблемами, интересующими физиков. Недопустим формальный подход и к производственной практике. Студенту как воздух нужно участие в каком-нибудь проекте. Неплохо было бы, и если практика оплачивалась, ведь магистранты, как правило, взрослые люди, у многих из них семьи, дети.

***Седьмое.*** На наш взгляд, необходимо организовать обмен студентами как с ближним, так и с дальним зарубежьем (наука не терпит замкнутости).

***Восьмое.*** В бакалавриате обязательно должны читаться спецкурсы по экономике, маркетингу, патентоведению (того требуют законы нашего времени), чтобы студент, закончив бакалавриат, был универсалом которому легко найти работу. И естественно, в магистратуре нужно учить студентов, как писать научные труды, как запатентовать изобретение и многим другим премудростям, столь необходимым в жизни (Это есть, но требуется современная трактовка).

***Девятое.*** Конечно, на все вышеописанные усовершенствования потребуется много материальных затрат, которых сегодня остро не хватает. А почему бы факультету самому не зарабатывать деньги, есть очень много способов?

И напоследок хочется заметить, что самым большим достижением нынешней магистратуры (которое не хочется терять) является отмена рейтинговой системы, когда нет погони за баллами, а энергия направляется в нужное русло. Ведь рейтинг - это вовсе не показатель усердия и ума, а весьма приближенная оценка...

# Известный путешественник в КазГУ

*Гульмира ШАМБАЕВА,*
*Евгений БЕЛЯНИН.*

В стенах КазГУ 18 февраля прошла пресс-конференция по случаю приезда известного путешественника господина Хорта Шада, поставившего перед собой сложную, но интересную задачу.

Хорт Шад - первый человек, задумавший объехать полсвета на велосипеде.

Этот 35-тилетний немец, преподаватель английского языка в мае 1997 года начал свое путешествие из Германии в Австралию. Путешествие затянется на 2,5 года и в целом путь пройденный за этот период составил приблизительно 50-60 тыс. км. Цели этого путешествия: во-первых, преодоления расстояния собственными силами, тем самым показать молодежи высоты, которых можно добиться, во-вторых - он, посланник Олимпийских игр, которые имеют возраст около 3000 лет. В основе этой идеи - определить кто сильнее в спорте и что очень важно - установить это мирным путем. Также Хорт Шад проводит борьбу с допингам, принятием медикаментов, наркотиков спортсменами.

В пути уже Хорт Шад около года и успел побывать во многих местах, так, например, был на приеме у Папы Римского, который одобрительно отнесся к его идее считая ее примером для нынешной молодежи.

Если он успешно закончит свое путешествие, может быть, он войдет в книгу рекордов Гинесса, но награду за это никакую не получит.

3-е тысячелетие он отметит, скорее всего в Сингапуре.

На вопрос, чем же интересна наша страна, он ответил, что ему очень интересно то, каким путем пойдет Казахстан и как дальше будем мы развиваться.

Ақпарат-айдын

# Мустафинские чтения

*Айнур КАРГАЛИНОВА.*

*26 февраля в КазГУ пройдут вторые Мустафинские политологические чтения на тему* ***"Демократизация Казахстанского общества - фундаментальная проблема политического развития РК".*** *На семинаре выступят с докладами профессора факультета философии и политологии Байдельдинов Л.А., Соловьев А.В., Балгимбаев А.С. и другие. Они рассмотрят вопросы развития демократии и социально-политического развития Казахстана.*

*Ана тілің - арың*

# Оқулықтар ала-құла

**А.ИСАНОВА,**
**қазақ тілі кафедрасының аға оқытушысы.**

***Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуіне байланысты істеліп жатқан жұмыстардың бірі - барлық орыс аудиторияларында қазақ тілінің кемінде, I, II курста оқытылуы.***

Осыған байланысты орыс аудиториясына арналған оқулық, оқу құралдары, тілашарлар, сөздіктер т.б. материалдар шығып жатыр. Қазіргі кезде орыс аудиториясына арналған 10 шақты оқулық бар. Сол оқулықтардағы тілдік дәрежелердің берілуі әр түрлі. Кейбір оқулықтар оқулық ретінде, (Маманов, Жиенбаев, Бектұров), ал енді бір оқулықтар көмекші құрал түрінде (Қожахметов т.б.) беріледі. Әрине, осы оқулықтардың барлығында фонетика, морфология, синтаксис мәселелері арнайы сөз болғанымен, әр оқулықта фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік категориялар түрліше беріліп отырады. Көмекші есім бірінде ескерілсе, екіншісінде жоқ. Сан есім, есімдіктің түрлеріне келгенде де осыны айтуға болады. Тіпті кейбір оқулықтарда үстеу атымен жоқ. Үстеусіз сөйлем құрау, әсіресе оның мезгіл, мекен түрлерін меңгермей, тіпті аудиторияда сөйлесу де, тіпті әдеби формадағы сөйлем құрау да мүмкін емес.

Барлық авторға біркелкі жаз деуден аулақпыз. Бірақ қазақ тілінің келешекте орыс аудиторияларында оқытылуы тереңдетіле түспесе енді кемімейді. Қазір бұл мәселе өте бытыраңқы. Бірі 40 сабақ, бірі 35 сабақ, бірі 70 сабақ көлемінде жазылуда. Сондықтан да әрбір оқулықтың сапасы, әрбір оқулықтағы тілдік материалдардың көлемі, әрбір сабаққа қатысты тақырыптар, сағаттардың бөлінуіне бір бағыт қажет.

## Состоится защита

*12 марта 1999 г. в 14.00 часов на заседании диссертационного Совета ДР14А.01.25 в КазГУ им. аль-Фараби по адресу: 480012, г.Алматы, 12, ул. Амангельды, 61, факультет философии и политологиии, ауд. 211 (актовый зал) на тему: **"Идея Евразийского Союза в контексте интеграции стран СНГ".** Работа выполнена на кафедре политологии КазГУ им. аль-Фараби* **АБИКЕНОВЫМ АРХАТОМ АШМЕТОВИЧЕМ.**

*Новая книга*

## Возвращение имен и истории

**Г.С.КОУРДАКОВА.**

***Прошедший 1998 год был Годом народного единства и национальной истории. Большое внимание уделялось изучению истории народов, областей, памятников истории и культуры, возрос интерес к историческим личностям казахского народа.***

В этой связи издательством "Қазақ университеті" был выпущен библиографический указатель по истории Казахстана XY-XI" веков "Қазақ даласының перзенттері". "Великие сыновья казахской степи" на казахском и русском языках.

Указатель подготовили кафедра новой истории и справочно-библиографический отдел библиотеки КазГУ им. аль-Фараби в помощь учебному процессу. В нем собрана литература, вышедшая за последние десять лет в Казахстане о выдающихся деятелях периода возникновения и развития казахского государства. Это статьи из газет и журналов, материалы из энциклопедий, монографии. Примечательно, что почти вся литература, включенная в указатель, имеется в библиотеке КазГУ.

В указателе выделены три основные раздела: "Қазақ хандары", "Қазақ билері, "Қазақ батырлары". В них можно найти материалы о выдающихся личностях казахского народа, мало изученных историками.

Указатель окажет большую помощь студентам, преподавателям и будет интересен всем, кто хочет знать историю Казахстана.

*Бармасаң, келмесең...*

# Анкарада оқып жүр

**Фадли ӘЛИ, түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі.**

***Анкара университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің арасындағы ынтымақтастық туралы 1993 жылы ректорлық деңгейде қабылданған келісім-шартқа сәйкес Шығыстану факультеті түрік филологиясы бөлімінің студенттері осында 3-сыныпты бітірген соң Анкара университетінде бір жылдық тілдік практикада болып қайтты.***

Онда барған біздің студенттеріміз алдымен университеттің түрік тілінде қысқаша ТӨМЕР деп аталатын түрік тілін оқыту орталығында бірер ай болып, түрік тілі бойынша Алматыда алған білімдерін жетілдіреді. Сонсоң олар университеттің тіл, тарих және жағырапия факультетінің түрік тілі мен әдебиеті бөліміне ауыстырылады. Мұнда олар маусым айының соңына дейін түрік тілі мен әдебиетіне, олардың тарихы мен бүгінгі жағдайына қатысы бар филологиялық пәндерді оқып қайтады. Он ай уақыттың ішінде түрік тілі бойынша мұнда алған білімдерін жетілдіріп қана қоймай, түрік әдебиеті мент тарихы туралы мағлұматтарын кеңейтеді, толықтырады, туысқан елдің бірқатар тарихи орындарымен және табиғаты көркем жерлерімен, салт-дәстүрімен танысады. Ең бастысы - студенттеріміздің туысқан елдің жастарымен танысуына, сөйтіп екі елдің бұрынғыдан да жақындаса түсуіне жағдай жасайды. Бөлімміздің 1996 жылғы тұңғыш түлектері де, одан кейінгі жылдардағы түлектері де Анкара университетінде осындай бір жылдық практикада болған. Оның үстіне Анкараға барып-қайту шығынын біздің университет көтерсе, студенттеріміздің Анкарада болуы кезінде жатақханада тұру және тамақтану мәселелерін Түркия жағы шешіп отырды.

Қазір Анкара университетінде бес студентіміз кезекті тілдік практикада жүр.

### Студент студент көзімен

# Өзіндік мінез, ерекше бітім болмағандықтан...

Гүлбиғаш ОМАРОВА.

Мен - студентпін. Ол да - студент. Тіпті анау мойнын иығының ішіне алып, бір уыс болып отырған кісі - ол да студент. Табақтаспыз, тағдырласпыз, жасымыз да тоқайлас. Бірақ, неге екенін, жұғыса алмаймыз. Себебі, ұзақ-сонар лекция кезінде ұрынарға қара таппай іші пысып отырған маған оқты көзін бір қадап қойып, ол лектордың аузынан шыққан әрбір сөзді "андиды". Ал сабақтан тыс уақытта бағана құнысып отырған "бауырым" бір-ақ сәтте құлпырып, ашық-жарқын кейіпке енген шақта даурыққан көптен елеусіз ғана сытылып шығып, үйіне қарай аяңдайды. Мен күлсем, ол жылайды, мен күнделік жазсам, ол кітап оқиды.

Көзі үнемі ойнақшып күле салуға дайын тұратын құрбым да - студент. Міне, үш жылдан бері бір табалдырықты бірге тоздырып келеміз. Осы уақыт ішінде әрқайсымыз бір-бір "тұлға" екендігімізді дәлелдеп те қойғанбыз. Мәселен, ол қашанда жұрт аузында: білімі, ақылы, мінезі, тіпті биікке ұмтылысы да соған сай. Мұғалімнің де көңілін табады, жолдастарына сыйлы. Бірақ үшеуміз тағы тіл табыса алмаймыз, себебі менің "құрбым" оның оқытушылардың көзіне жиі түсуін, яғни өзін өзгелерден бөлек көрсетуін жаратпайды, ал мен бірінің жылпостығын, екіншісінің жеңіл ойлылығын ұнатпаймын.

Аяғын алшаңдай басып, көзін көкке көтеріп, жұрттың бәріне мұрнын шүйіре қарайтын әне біреу де - студент.

Бәріміз студентпіз. Күнде бас қосып жүрген жеріміз бір болғанмен, іздеп жүргеніміз әр түрлі нәрселер. Маған білім керек, біреуге диплом керек, ал оған... болашақ керек. Жарқын болашаққа апарар жол керек. Оның арманы да, тілегі де бөлек. Мүмкін, ол іздеп жүргені өз болашағы екендігін мойындамайтын болар немесе өзінің болашақтың адамы екендігін сезінбейтін болар. Бүгін сезбесе, ертең түсінер. Әзірше мұны мен ғана білемін.

Кім студент болмады дейсіз? Жаңғалақ та, жылпос та, ақымақ та, дана да бір кезде осы қамытты мойынға салуға мәжбүр болған. Меніңше студенттің әрбір кезеңге сай екшелген мінез-құлқы немесе арнайы "разрядтары" болмайды. Себебі, студент әзірге тек қана - масса. Болашақ құрылысқа қажетті материал ғана. Онда өзіндік мінез, ерекше бітім де болмағандықтан, студентті жақсы, жаман деп бөле алмаймыз. Ең бастысы, бүгінгі студенттен ертең еңселі азамат шықса болғаны.

# Оқушы едік...

Айгүл ҚАБАНБАЕВА.

Мектепті бітіріп, университеттің құшағына кірдік те кеттік. Оқушы едік, студент болдық. Осы кезенді адамның ең қызықты, бақытты, ұмытылмас жылдары деуші еді аға-жеңгелеріміз. Қайдан білейік. Оқу жылы басталмас бұрын мен өзімді жаңа рөлде қалай сезінетінімді әлі көз алдыма елестете алмадым. Әрине, студент дегендерді мен жалпылай "қалтасы тесік оқымыстылар" деп ойлаушы едім. Осындай қиын, нарық заманында жоғары білім алу өте қиын-ақ. Әсіресе, байтақ еліміздің түпкір-түпкірінен келген ауылдың қара домалақ балаларына. Бірақ жанталасып білім аламыз дегендер де аз емес. Міне, осылар болашақ студенттер.

Студент бүкіл жер шарында бір мағынаны білдіреді. Ол Ұлыбритания, Франция, АҚШ, тіпті Африкада да білім іздеп, өздерінің болашақ мамандығын игеруге талпынған жастар. Студент - бұл бұқара халықтан дара тұрған, ешбір ұлтқа ұқсас емес, өзінше бөлек әлеуметтік топ деп те айтуға болады. Бұлардың бәріне бір ғана ортақ үйі бар - ол оқу орны. Студент тапқыр, алғыр, өткір болады және бұған көзім жетті. Қандай қиын жағдай болмасын, құтылып шығып кетеді. Студент -ол ізденуші. Бұл шақта аспанға самғап, жұлдыздарға ұшып, асыл арманның артына еріп кетесің. Кеудендегі бар күшің ішіңе сыймай, сыртқа толықсып тасып жатады. Әсіресе, жаңадан университеттің табалдырығын аттап, бірінші курста оқитындар - өздерін өңкей Абай мен Мұхтар сезінетін жастар.

Студент болу - бақыт. Бұл жылдары біз тек білім ғана алып қоймаймыз, өмірдің ең қызықты, нұрлы, кемпірқосақтың бар бояуларымен боянған бес жылдық саяхатқа кетеміз. Онда сапарымыз оң болсын!

### Размышления

# О современном студенте

Жанна КЕРИМБЕКОВА.

Говорят, студенческие годы - самые незабываемые. Времена меняются, образование переживает свой "золотой век", борется с кризисом, но образ бесшабашного, неунывающего студента намертво закреплен в людском сознании и увековечен в студенческих байках. Хотя, анекдот "про отличника Петю, которого принимают за плащ на руке худосочного троечника Васи" - скорее из прошлого, воспетого Гайдаем в историях с Шуриком. Реалии же выглядят несколько иначе. Изнывать над учебником будут единицы: многим просто некогда - надо позвонить своему брокеру, маклеру,...мейкеру; съездить в Париж заключить сделку и вернуться хотя бы к третьей лекции. Приблизительно таким породила рыночная экономика качественно новый вид студента - деловитый, хваткий, предприимчивый и энергичный (качества, порой компенсирующие пробелы в знаниях). Но я бы не сказала, что образование утратило свою значимость. Напротив, как раз-таки сейчас, в условиях повышенного спроса на квалифицированных (во всяком случае, дипломированных) специалистов все новые и новые учебные заведения призывно распахивают свои двери, а поток желающих не иссякает. Потому что образование - это не только роскошь, но и необходимость. Так понимают личную ответственность за свое будущее многие современные студенты. Кстати, большинство, стремясь к самостоятельности, совмещают учебу с работой, так что вечно голодный и холодный студент сегодня скорее исключение, нежели правило. Хотя, ситуация "лето красное пропела, оглянуться не успела" - тоже в ходу. Но народ живет, радуется, поражает и заражает всех своим весельем и жизнерадостностью. Что-что, а быть оптимистом в 20 лет сам бог велел!



## Студент студент көзімен

# Сыртқы күштер әсері

*Мұхтар СЕҢГІРБАЙ.*

"Сыртқы күштердің әсері" дегенде тағы да әлеуметтік топтардың анықтауына әкеліп соққан оқу орындарындағы парақорлық пен жең ұшынан жалғастықты бадырайта атауға тура келеді. Өйткені бүгінгі жас қауымға "тұмай жатып" жұққан қоғамның құрт ауруы бұл. Азаматтық ары мен иман, ұятын аяқасты етіп, Адамдық емес, пенделік жолмен (еріксіз осылай атауға тура келді, себебі, оларды күштілер ғана жеңеді. Ал, адамдар арасындағы күштің өлшем-бірлігі - ақша) мақсатына жеткен студент пен парақор ұстаз арасындағы масқара диалог сессия мен сессияның арасын жалғап тұратын "арсыздық көпірін" салуға бағытталғанда, ғылым мен білім табандағы таптаурын күйін кешіп қалады. Өздерін интеллигенция өкілдерінің қатарында айтпаса қапаланатын кейбір үлкендердің әрекетіне баға бере отырып, бүгінгі интеллигенцияны 1) жоғары билік органдарымен ауыз жаласқан жағымпаздар және 2) күлқынының соңында өзі төккен маңдай терінің жемісін тиын-тебенге сата салатындарға бөлген Әуезхан Кодардың пікірімен қосылмасқа шараң қалмайды. Ұстаз атаулының еңбегін жоққа шығарғандай көрінбес үшін жоғарыдағы категорияға жататындары олардың бір бөлігі екендігін айтуымыз керек.

Қоғамдағы болашақ орнын лайықты таңдау - студенттің оқудағы және еңбек жолындағы жетістігінің бастауы болмақ. Жүрек қалауы мен қабілет-қарым, білім, дарын, бейімділік бір арнада тоғысса, студент құлашын кеңге жаюға тиіс. Өкінішке қарай, "көтере алмас шоқпарды беліне байлап" жүрген замандастармен аяғыңды аттап басқан сайын жүздесуге болады. Қоғамдағы өз орнын әлдебір сыртқы күштердің әсерінен еріксіз таңдаған бүгінгі жас сол қоғамның пайдалы өкіліне айнала алмай дүдәмал күйде қалуы мүмкін.

# Қазіргі кезең - ынталы студенттер кезеңі

*А.ДӘУРЕНБЕКОВА.*

Көп нәрсені білуге, көруге, тануға тырысады. Жер көріп, ел тануға тіл керек, студент жас шығыс не батыс тілін үйренуде.

Басқа елмен байланыста болғың келсе, ең тиімді жолы Интернетке кіру, бірақ компьютерді білу керек. Демек студент есептеуіш машина сырын да тануда.

Бос уақытын құр жібергенше жұмыс істеп, тәжірибе жинап, ақша табатын студенттер бар. Өзіміздің журналистика факультетінің студенттерін алсақ та бір тобы теледидар бетінен көрінсе, екінші бір тобы радио тыңдаушыларын жаулауда, ал үшіншілері баспасөз беттерін толтыруда.

Жалпы, барлық студенттер әр түрлі талпыныста. Әйтеуір бірі екіншісінен кем қалмауда.

# Әдемі, қалыпты, білімді, бірақ...

*Ғазиза НҰРТҰҒАНОВА.*

Мектепте оқып жүргенімде осы студент өмірі қалай екен деп өзімнен өзім жиі сұрайтынмын. Шынымен-ақ сондай қызық па? Оқу қиын ба? Оқытушылар мектеп мұғалімдерінен қанша қатал? Осының бәріне кейін студент болғанымда өзім жауап беретініме сенетінмін. Ал қазір осы жерде отырып, әр студентпен, әр мұғаліммен пікір таластырып, білім алып сол бұрын елестеткен, қиялымда болған өмірді кешіп отырмын. Жалпы қазір мен студентті біріншіден "ізденуші" дер едім. Тек мұғалімнің бергенін оқымай, соның айтқанымен болмай, өзі ізденіп, басқа сол пәнге қатысты оқулықтарды іздеп оқып, сол арқылы өзінің жеке дүниетанымын қалыптастырады. Екіншіден, әр студент бұл өзінше келешек президент "ел басы". Өзім білетін студенттерге көз жүгіртіп өтейінші. Шынымен-ақ көбі менің қиялымдағыдай әдемі, қалыпты, білімді. Бірақ, кейбір әлпеттер менің көңілімді күңірентті. Қарашы, өзі Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде оқып жүріп, істегендері анау. Мынау бүкіл семестр бойы демалып, ауызында шәйнандаған сағыз, онымен қабаттастырып темекі, ал қасында "Беак" сырасы. Жоқ маған бәрібір, бірақ түскен екенсіз, сабақта отырып, мұғалімнің көзіне қарап... Иә-иә, мұғалімнің көзіне қарап... мүмкін сана-сезімінде түйсік оты тұтанар.



# Каким не должен быть современный студент

*Виталий МОЛЧАНОВ.*

Будильник зазвонил в 7.00. Я лениво сбрасываю его с тумбочки и продолжаю свой царственный сон. Но приятное, всегда, когда-нибудь заканчивается. Постоянно поступающий сигнал из самого далекого отдела головного мозга: "Подъем! Опасность отчисления из университета!", будит спящего. Как ошпаренный, я вскакиваю с кровати, попытка найти будильник - тщетна.

Да,трудно вспомнить какой сегодня день недели после стольких буйно проведенных ночей, не говоря уже о названиях лекций. Одеться наспех - большое искусство. Главное, чтобы не получилось как в известном стихотворении "Сунул руки оказались это брюки... Вместо шляпы на ходу он надел сковороду". если подъеду к середине первой лекции, это будет неплохо.

Обожаю лекции на которых можно подальше задвинуть "сознательность" и подремать минуточку, а лучше послушать хорошую музыку. Кстати, завтра рубежный контроль, надо хотя бы узнать в каком направлении находится библиотека, может быть пригодится.

К 13 часам вообще пропадает желание кого-либо видеть. Сегодня тяжелый был день. Наконец-то домой. Ходишь сюда как на каторгу. До завтра у меня 17 часов. Хоть сегодня нормально высплюсь. И завтра снова в путь идти, грызть гранит науки.

*Ондай болмақ қайда деп...*

# Талапкер ғалым, танылам десең...

***Ғылымға бет бұрған студенттер, магистранттар, аспиранттар үшін осындай жаңа айдар ашып отырмыз. Өздерінің тың ойларын, зерттеп жүрген мәселесіндегі жаңалығын жариялай отырып, өзгені де талпындырсын, өзін де қамшыласын дегеніміз. Әрине, газетіміздің көлемі шағын болғандықтан, ұзақ көлемді зерттеулерді жариялай алмаспыз. "Теңіздің дәмі - тамшыдан" дегендей, шағын ғана жарияланымнан оның ой-өрісін, бағытын, еңбегін аңғаруға болатыны анық қой.***

***Endeше, ертеңге еңсесін тіктеген жас талап ғалымдар тартынбай өз ойларын ортаға салам десе, газетіміздің беті әрдайым ашық.***

***Сонымен, ғылымға жаңалық әкелер талапкер ғалым, танылам десең, бізге кел!***

# Шығармашылық портрет

**Айгүл БАҒЫБАЕВА**
**филология факультетінің 2 курс магистрі.**

Шығармашылық портрет әдебиет және өнер адамының келбетін ашуға оның шығармашылық болмыс-бітімін бейнелеуге арналады. Мұнда зерттеуші "объекті" ретінде халыққа кеңінен суреткердің өзін, оның барлық шығармаларын нысанаға алады да, оқырман қауымға қандай жетістіктерге қол жеткізгенін, қандай істер тындырғанын жүйелей жеткізеді.

Қазіргі уақытта қолданылып жүрген әдеби портрет, портреттік очерк, шығармашылық портрет, монографиялық очерк, нақтылы адам туралы мақала, эссе бір-біріне сырттай қарағанда тіпті бір жанрдың түрі секілді жымдасып жатқанымен, олар бір емес.



Шығармашылық портреттің әдеби және ғылыми сипаттары болады. Мұнда қатып қалған қалып жоқ. Зерттеуші өзі нысанаға алып, қалай жазамын десе де шек қойылмайды. Бірақ бір нәрсе ескерілуі керек, ол артық мадақтау мен марапаттауға жол бермеу.

Зерттеуші немесе сыншы тек бір суреткердің шығармашылығына ғана тоқтап, соны жан-жақты терең ашып, оқырманға толығымен таныстыруы тиіс. суреткердің шынайы бейнесі мен табиғи дарынының айқын көрініс тауып, оқырман жүрегінен жол таба білуі сыншы шеберлігіне байланысты. Кейде керемет сыннан кейін халыққа танылып, өз бағасын алып жататын шығармалар болады, мәселен, Пушкин шығармашылығындағы тереңдікті алғаш танып, әділ бағасын берген Белинский сынынан кейін-ақ Пушкин есімі күллі Ресейге басқа қырынан танылды деуге болады. Демек, шығармашылық портрет жанрының бір міндеті - ірі суреткердің бойындағы көзге көріне қоймаған ерекшелікті көріп, оның шығармаларына байыпты талдау жасау.

Шығармашылық портрет жанрында өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұмат-әдістер кеңінен қолданылады. Мұның бәрі де мысалы жазушының қаламгерлік қолтаңбасын, яғни шығармаларының өзіндік болмыс-бітімін, өзгешелік сипаттарын ашуға қызмет етеді. Шығармашылық портретте негізінен талдаушылық тәсілдің орын алуы - оны әдеби портреттің басқа түрлерінен ажыратып тұратын басты белгілерінің бірі.

Негізінен кейбір зерттреушілер қаламгердің суреткерлік келбетінің үш түрлі жағын қатар қамтиды: оның өмір жолы, шығармалары, өзі өмір сүрген шығармашылығында көркемдік көрініс тапқан шындық өмір.

Шығармашылық портрет қазақ әдебиет сынында кейін пайда болған жанр емес. Бұл жанр XX ғасырдың басынан бері қалыптасып даму үстінде келе жатыр. Қаламгерлер жайлы жазылған алғашқы мақалалар өмірбаяндық сипатта көрінсе, бертін келе шеңбері кеңейіп, оның шығармашылығы, заманы жайлы мағлұматтармен толыға түсті.

Шығармашылық портрет жасау арқылы ақын-жазушылардың дара тұлғасын, жан-дүниесін, ең бастысы төл туындыларын оқырманға кеңінен таныстыруға болады. Оқырман қауым өздеріне таныс белгілі ақын-жазушылар туралы толғаған мөлтек сырлар мен естеліктерді оқып, олар жайлы таным-түсініктерін молайтып, біраз мағлұматтарға қанық болады.

Шығармашылық портрет шағын мақала түрінде тоқтап қалмайды. Оны одан әрі кеңейтуге, дамытуға болады. бұл талаптар сыншының талантына байланысты. Шығармашылық портрет дами келе үлкен жанрға айналады. Мәселен: цикл, монография, роман, эпопея т.б. Шығармашылық портреттің көтеретін жүгі өте үлкен. Өйткені шығармашылық портрет қана ірі қайраткерлердің шығармаларын, есімдерін әрқашан елімен табыстырып, таныстырып отырады.

*Мнение*

## Говорят первокурсники

*А.КАРГАЛИНОВА,*
*Н.ЕСКУАТОВА.*

*В наше прагматичное, нелегкое время, когда во главе угла стоят рыночные отношения, нас заинтересовал взгляд молодежи на образование. Оказывается, многие понимают, что без образования далеко не уедешь. И стремятся, обретя его, стать хорошими специалистами в своей области.*

*В КазГУ поступают, так как уверены, что здесь они получат хорошее образование. Юные студенты понимают - будущее за ними и верят, что не подведут.*

*Мы провели опрос среди первокурсников и выявили следующие мнения:*

***Канат К.К, 1 курс факультета международных экономических отношений:***

- За образованием будущее. Я хочу стать хорошим экономистом, чтобы поднять экономику моей страны. Быть полезным и произвести преобразования в экономике Казахстана.

***Улан Н.Т., 1 курс факультета международных экономических отношений:***

- Мои желания совпали с желанием моих родителей. Я тоже хочу стать хорошим специалистом в своей области.

***Карина С.С., 1 курс факультет международных отношений:***

- Я сюда поступила потому, что думаю это самый престижный Университет. Верю в то, что здесь мне дадут хорошее образование, необходимое для международника.

***Асель, 1 курс международных отношений:***

- Я тоже считаю, что это наиболее сильный Университет по Казахстану. И для себя решила изучить право именно здесь.

***Маша К., 3 курс факультет филологии:***

- У меня гуманитарные наклонности. И когда я окончила школу, поставила цель, поступить в КазГУ. Потому что он считается престижным университетом. И здесь сильный состав преподавателей.

*Как видно, студенты делают большой акцент на престиже образования. Но это вовсе не из-за расчета или меркантильности. Просто они стремятся стать хорошими специалистами.*

# Адам жанының сұранысы мен жұбанышы

**_Назым ДУТБАЕВА._**

Адам не үшін өмір сүреді?! Шынымен зер салып ойланыңызшы. Өмірден адам не іздейді, қайда барады? Бала өмірге бір қадам аттаған сайын, өз ажалына бір қадам жақындайды деген сөз бар. Сонда адам өмірінің мәні неде, нәтижесі қайсы?

Әлемді бір құдіретті күш билейтінін бәріміз білеміз және оны құдай деп танимыз. Ал құдайға сенбейтіндер ше? Олар құдайды мойындамаса да әйтеуір дүниені билейтін ең жоғарғы сананың, яғни бір беймәлім күштің бар екенін мойындайды емес пе? Бұлай дейтін болсақ, маңдайға құдай не жазса, соны көресің деген сеніммен, адам өз өміріне өзі қожайын дейтін көзқарастың қайшылықтарын қалай түсінеміз.

Жо-жоқ, сіз таңданбай-ақ қойыңыз. Мән бере қараңызшы. Мысалы, өзіміз яғни, біз қайда барамыз? Күнделікті құбылыстан тыс қарастырсақ, ең соңында бізді не күтіп тұр? Ойыңызға бірден о дүние орала кетеді. Алайда өмірден өтіп бара жатқан адамның өз өміріне риза болып, іздегенін тауып, сұранысының қанағаттанғанын айтқанын көрдіңіз бе? Жоқ. Бар болса сирек. Егер үңіле қарасақ, адам өзі өмірден не іздегенін түсінбесе, не тапқанын қалай айтсын.

Қалай айтсақ та, небір әдемі сөздерді тізсек те, болашақты сөзбен ертегідей етіп гүлдендірсек те бәрібір өмір. "Кедей бай болсам, бай құдай болсам" дегеннің керін келтіреміз. Қарапайым нәрсені қарапайым көзбен, яғни пенденің көзімен қарасақ, дүниенің бәрінің тірелетіні сол баяғы қарапайым от басындағы күйбең тірлік емес пе? Адам "анаған жетем, мынаған жетем" деп жүргенде өмір деген өтеді де шығады. Күйбең тірліктің қажытатыны сонша, адам өз өміріне мән беріп қарауды ұмытады. Кәдімгі қара құмырсқалар іспеттес. Тек айырмашылығы - ерекше адамдар болады да, олар қарапайым адамдарға "ерекше" көзқараспен қарайды. Бірақ бұл табиғи заңдылық. Ал табиғат бізді билейтін құдіретті күштің төл туындысы. Қорыта айтсақ, әр нәрсе өз заңдылығымен жүзеге асады. Ал адам сол заңдылықтан асып ешқайда бармайды. Өйткені, ол - пенде.

# Цирк на колесах

**_Жанна КЕРИМБЕКОВА._**

Пешеходов надо уважать. А пассажиров надо любить. Похоже, первый призыв Ильфа и Петрова цели достиг. На одном из перекрестков водитель до того распереживался из-за старушки, что подбадривая зазевавшуюся, охрип и позеленел. Такой вот сердешный попался.

Ну, пешеходы - это что! Разобщенная кучка чуждых друг другу элементов. Другое дело - пассажиры: в основе своей рабочий класс, подрастающая интеллигенция (то есть "кочующие школяры") и все те, покой которым только снится! Сегодня общественный транспорт - самое доступное простому люду зрелище, этакий цирк на колесах. Причем, всю мудрость и глубину классического "жизнь - театр, а люди в ней актеры" познаешь только здесь. И всего за две остановки. Методом наблюдения точно установлено, что именно через такой отрезок пути начинаются метаморфозы. Потомственный интеллигент в очках популярно объясняет соседу, держащемуся за его галстук, кто тот есть такой. Последний, оказывается, есть "ничтожество" и "человекоподобная обезьяна".

- Убери свои заготовки, ты, природное недоразумение!

- Ах, ты, "книжный червь", да мы, да вас...

Народ ликует, предвкушая волнующую игру "мы на вы". Тем более, что ситуация осложняется на повороте, когда повинуясь закону инерции, "ничтожество" дает крен вправо. Затянувшийся на шее очкарика галстук, трансформируется в удавку. Мучительно (а как вы думали, с петлей то на шее!) и стыдливо (а как же моя диссертация о культуре речи!) кандидат использует доселе невостребованный запас русской лексики. Далее следует потасовка...

А хрупкие и воздушные, наземные в общем-то существа (женщины - Примеч.Авт.) оказываются на деле очень даже осязаемыми и весомыми. И далеко не бессловесными эфирными созданиями.

- Ну куда ж ты прешь? Местов нет. И так дышать нечем.

- На такси будешь кататься с ветерком.

- Я то буду, а вот ты образина, извини-подвинься...

Но все это объясняется борьбой за свой пятачок площади, кошелек и колготки. И все же как приятно быть своим среди своих, опереться на чье-то крепкое плечо и почувствовать себя как за каменной стеной! А может и вздремнуть, хлюпая носом в чью-то спину. Правда, в это же время кто-то другой может сопеть под ухом, но и это не умаляет всех достоинств автобуса как:

- большой машины с мощным мотором.

- силы и скорости, рождающих ответные силу и скорость у пассажиров

- места, где возникает небывалая в других условиях солидарность ("не вы один на работу опаздываете").

Да, любит наш пипл кататься. Американские горки - против нашего автопарка - езда на велосипеде. Трехколесном. Вот только любовь в идеале должна быть взаимной. А пока водители не разделяют стремлении и чувств пассажиров - дело туго.

_Көңіл толқыны_

# Қош бол, балалық шақ!..

**_Ә.ҚАМЗИНА._**

Мектепте оқып жүргенімде мен "студент боламын, балалықты қойып, білімге талпынамын" дегенмін. Өзімше, студент болсаң достарыңның арасында беделің көтеріліп, туған-туысқандарыңның алдында мақтаныш боласың деп жүрдім. Папам да "қайран студенттік кезіміз-ай", деп сол уақытты еске алып, маған көптеген қызық әңгімелер айтатын. Сонда мен студентті асыр салып жүрген көбелекке ұқсатқам. Алаңсыз ойын-күлкі, той-думан...

Кейінірек ол ойым өзгере бастады: "Приключение Шурика" атты фильмді көріп шошып кетіппін. Масқара, сондай да болады екен ғой. Байғұс студент!

Уақыт өте берді. Жоғарғы оқу орнына документ тапсыратын кез де келді. Әрине, мен өз документтерімді өзімнің жақсы көретін журналистика факультетіне тапсырдым. Сол күннен бастап азаптың нағызы басталды. Таңертең тұра салып басың кітапқа үңіліп, кеш батқанға дейін отырасың. Папам да, мамам да сол кезде "Дайындал қызым, сосын өзіңе оңай болады, дайындал" деген. Кітапқа көміліп, дайындала бердім.

Емтиханның шешімі белгілі болған соң ғана мен есімді жия бастадым. Өзіме сенер сенбесімді білмей жүрдім. "Студентпін, мен студентпін" деп бәріне айтқым келді, қуанышым соншалықты, жүгіріп барып өз университетіме: "Қарсы ал мені, студенттік өмір!" - дегім келді. Қазір де осы жолдарды жазып отырып, кей кездерде айналама бір қарап өзіме "бұл өңім бе, түсім бе?" деген сұрақ қоямын.

Өзімнің студенттік өмірім алдыда, артқа қарамай болашаққа ұмтылып, "студент" деген атаққа сай болуға тырысам. Бірақ, әттең-ай, балалық шақты қимай тұрмын ғой!



# Кәсіподақ қолдайды, кәсіподақ қорғайды...

*Бәйге! Бәйге!*

Д.Б.ЕСКЕКБАЕВ,
Қ.СҚАҚОВА.



Көп жерлерде заман қиыншылығы сезіліп, қоғамдық ұйымдардың заты түрмақ, аты жоғалған тұста біздің тарих факультетінде кәсіподақ жұмысы бұрын-сонды болмаған дәрежеде жанданды.

1995 жылдан бері бізде жыл сайын Жаңа Жыл, Наурыз, 8-март, 9-мамыр мейрамдары айтарлықтай дәрежеде аталып өтіп келеді, тәлім-тәрбиелік маңызы да зор болды. 1996 жылғы Халықаралық әйелдер мейрамының факультет ұжымы арасында өте сәтті өткені туралы газеттерде жазылып, қазақ теледидары арқылы республика жұртшылығына көрсетілді, 1997 жылғы мереке туралы қазақ радиосының "Жастар редакциясынан" арнаулы хабар берілді.

Өткен жылғы Наурыз мерекесі де ерекше есте қалды. Ұлттық нақыш пен салт-дәстүрге ерекше көңіл бөлініп, оны тарихшы-этнографтардың өздерінің қаншалықты дәрежеде меңгергеніне байқау, жарыс ұйымдастырылды. Үлкендердің ұлағатты сөздері мен бата-тілектері, жастардың жарыса көрсеткен өнерлері көпшілікті бір серпілтіп тасталы. Шынында да тілек дұрыс, ниет түзу болып жақсы ырым, көп ырыс әкелді. 1998 жылы біздің факультет ұжымы аттестациядан да өз деңгейінде өтіп, халықаралық конференциялар ұйымдастырды, республикалық ғылыми экспедицияларға қатысты.

Кәсіподақ бюросы жыл сайын Жеңіс мейрамында соғыс және еңбек ардагерлерін құттықтауды өз міндеті деп есептейді, оларға концерт қойып, фотоға түсіруді ұйымдастырып отырды, ал келе алмайтын ардагерлердің үйіне бару деканатпен бірлесе отырып шешіледі.

Факультетте өткізілетін мәдени шараларға, мерейтойларға университет кәсіподақ комитеті мен деканат тарапынан көмек болатыны бәрімізге де белгілі, бірақ көп нәрсенің кәсіподақ басшысына да байланысты екенін жоққа шығара алмаспыз.

Біздің факультеттің кәсіподақ бюросын 1995 жылдан бері осы факультеттің түлегі, тарих ғылымдарының кандидаты Гүлжан Садыққызы Нұрғалимова басқарып келеді. Гүлжан Садыққызы сөзге шешен, тілге бай, үлкенмен де, кішімен де тіл табыса білетін, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары ғалым-педагог. Ол басқарғалы кәсіподақтың аз-мұз бөлген ақшасының өзі әр мейрам сайын кафедралардың жоқ-жітігін түгендеуге жарап, кәдеге асып қалады. Кафедраларға не қажет екенін алдын-ала біліп, сол заттарды сыйлыққа алады, оны өнер жарысында жүлделі орын алғандарға береді. Соның нәтижесінде қазір кафедраларда түрлі сервиздер, домбыра, магнитофон, шахмат, телефон-аппарат, фотоаппараттар мен сағаттар баршылық. Жеке өнер көрсетушілер де құр қалмайды, бұл өз кезегінде қызметкерлер арасында өнерді ұштауға, жетілдіруге, олардың бірін-бірі толығырақ тануына жағдай жасайды.

Ал жыл бойы аталып өтетін әр түрлі мерейтойларға да Гүлжан Салыққызы құттықтаулар жазып, гүл шоқтарын ұсынып, кейде өз жүрегінен шыққан жыр жолдарын арнайтынын да бүкіл ұжым біледі.

Гүлжан Садыққызы бірде қайырымдылық акциясы үшін жүгіре басып, кітап жинап жүргенін көрсең, бірде басына ауыр қайғы түскен жандардың жанынан табылады, немесе абайсызда басшыларынан қатаң ескерту алып қалғандарды қолдап, солар үшін кешірім өтініп тұрады.

Иә, өміріміздің көп уақытын өткізетін қызмет орнымызда жақсы моральдық-психологиялық ахуал, өзара сыйластық пен түсінушілік болғанының өзі жарты байлық қой. Ал мейрамдардағы көтеріңкі көңіл күй, бір сәттік қуаныштың өзі адамға қаншама күш-қуат берсді, жақсы сөздің - жарым ырыс екендігі де ақиқат.

4 бала тәрбиелеп отырған сыйлы ана, жақсы жар, ғылымда да табысты, педагогтық шеберлігі де бар Гүлжан Садыққызына "қоғамдық жұмысты өз дәрежесінде атқаруға қалай уақыт табасыз?" деген сауалымызға былай деп жауап берді: *"Мен қоғамдық жұмысты жастайымнан атқарып келемін. Өзімнен гөрі өзгелерді көп ойлаймын, жұртқа жақсы болса, олар қуанса мен содан қуат аламын. Факультеттегі табысты істер тек маған ғана байланысты емес, біздің ұжым өте ұйымшыл, біздер аға-іні-бауыр іспетті тонның ішкі бауындай болып кеткенбіз. Әрі университет профкомы да үнемі қолдау көрсетіп, көмектесіп отырады. Деканымыз К.Н.Бұрханов та кәсіподақ жұмысына көңіл бөліп, көп мәселелерді ақылдасып отырады, қысылған шақтарда өзінің қосалқы жұмысынан ақшалай қаржы аударып, демеушілік көрсетіп тұрады. Кәсіподақ бюросының мүшелері де өз міндеттерін жауапкершілікпен орындайды, әсіресе, деканат методисі Дина Ахметова тапсырылған істі тыңғылықты орындап, өзіндік ой-пікірін қосып отырады. Қысқасы, бәріміздің де мақсатымыз бір-бірімізді көтермелеп, шапағатымызды тигізу, жақсы көңіл-күй мен қызметте табыстарға жету".*

Факультет өміріне арналған стендте кәсіподақ бюросының жұмысын көрсететін арнаулы бөлім бар,ондағы Гүлжан Салыққызының:
*Кәсіподақ қолдайды,*
*Кәсіподақ қорғайды.*
*Ал, бірақ та жұмысқа*
*Кешігуге болмайды* - деген әзіл-өлеңінің астарында үлкен ақиқат бары анық.

# Работы информационно-правового центра

У.Б.ИСТЕЛЮЕВА,
зам.председателя профкома работников КазГУ.

15 мая 1997 года решением профкома в профсоюзе работнику КазГУ был создан информационно-правовой центр, который, согласно утвержденного Положения, обеспечивает правовую деятельность профкома, первичных профсоюзных организаций.

В истекшем 1998 году одним из направленной работы информационно-правового центра был выпуск информационо-методических бюллетеней по вопросам заработной платы и налогообложения, организационно-уставным вопросам профсоюза, пенсионному законодательству РК, социальным проблемам. В бюллетени помещался информационный материал о текущей деятельности профсоюза работников КазГУ.

# Жаңа Жарғы жадыңызда жүрсін!

*(Үзінді. Басы 1-бетте).*

### 5.ҚазМУ-дің СТУДЕНТТЕРІ

*5.1.* Белгіленген қабылдау ережесіне сәйкес университет ректорының бұйрығымен оқуға қабылданған тұлғалар ғана әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің студенті бола алады. Студентке белгіленген үлгі бойынша студенттік билет және сынақ кітапшасы беріледі.

*5.2.* Студент контингентін белгілеу әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің Ғылыми кеңесінде бекітілген қабылдау ережесіне сәйкес жүзеге асады. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де оқу мамандарды даярлау жөніндегі мемлекеттік тапсырыс бойынша мемлекеттік бюджет есебінен, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалармен оқу ақысы жөнінде тікелей келісім-шарт жасасу арқылы жүзеге асуы мүмкін.

*5.3.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің студенті құқылы:
мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім алуға және білім алудың қосымша мүмкіндіктерін (ақылы болуы да мүмкін) пайдалануға;

ғылыми-зерттеу жұмыстарына, конференцияларға, семинарларға қатысуға, өз жұмысын жариялауға;

білім алуға қажет мүмкіндіктерді пайдалануға;

университет мүддесіне және студенттік өмірге қатысты сұрақтарды талқылау үшін университеттің Ғылыми кеңесіне қатысуға;
оқу уақытынан тыс кезде жұмыс істеуге;

күндізгі бөлімде оқитын студент әскери қызметін кейінге қалдыруға;

рухани және физикалық тұрғыдан өзін-өзі тәрбиелеуге, денсаулығының қамын ойлауға;

оқудағы және ғылыми-зерттеу, шығармашылық жұмыстардағы жетістігі үшін моральдық және материалдық сыйлықтар алуға;

*5.4.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің студенті міндетті:
таңдаған мамандығы бойынша теориялық білімді, практикалық тәжірибелерді, соңғы, соны ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеруге;
таңдаған мамандығы бойынша көрсетілген мерзімде оқу жоспарын орындауға;

осы Жарғының және "Ішкі еңбек тәртібі туралы Ереженің" талаптарын орындауға;
Жоғарыда көрсетілген жайттарды орындамағаны үшін шара қолданылуы, тіпті университеттен шығарылуы мүмкін.

*5.5.* Оқу мерзімінің ұзақтығы студенттің жоғары білім алуының деңгейіне байланысты.

*5.6.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ өте жақсы жетістіктерімен көзге түскен студенттерге атаулы стипендия белгілеуге құқылы.

*5.7.* Студент мына жағдайларда университеттен шығарылуы мүмкін:
өз өтініші бойынша;

ВКК анықтамасына негізделген денсаулық жағдайына байланысты;

басқа оқу орнына ауысуына байланысты;

академиялық үлгерімнің төмендігі;

оқу тәртібін, Жарғыны, "Ішкі еңбек тәртібі Ережесін" бұзғаны үшін;
ҚазМУ-дің студентін оқудан шығару, қайта қабылдау және ауыстыру белгіленген Ереже бойынша шешіледі.

*5.8.* Студенттің жұмысқа орналасуы және әлеуметтік жағынан қорғалуы Қазақстан Республикасының еңбек және еңбекпен қамту, сондай-ақ әлеуметтік қорғау салаларының нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асады.

### 6. ҚазМУ-дің ТЫҢДАУШЫЛАРЫ, АСПИРАНТТАРЫ, ДОКТОРАНТТАРЫ ЖӘНЕ ІЗДЕНУШІЛЕРІ

*6.1.* Дайындық факультетінде немесе дайындық бөлімінде оқитындар, қайта даярлау немесе біліктілігін арттырып жүрген оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер, тұлғалар әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дың тыңдаушысы болып табылады.

*6.2.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің аспиранты болып жоғары кәсіптік білімі бар, аспирантурада оқитын және ғылыми дәреже алу үшін диссертациясын дайындағандар есептеледі.

*6.3.* Ғылым кандидаты дәрежесі бар және ғылым докторы дәрежесін алуға диссертация дайындау үшін докторантураға түскендер докторант болып есептеледі.

*6.4.* Жоғары кәсіптік білімі бар, кандидаттық емтихандарды тапсыру үшін университетке бекітілген және аспирантурада оқымай ғылым кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация дайындағандар немесе ғылым кандидаты дәрежесі бар және ғылым докторы дәрежесін алу үшін диссертация дайындағандар ізденуші болып есептеледі.

*6.5.* Ізденушіліктің ұзақтығы, аспирантурада оқу және докторантураға келу ҚР өкіметінің тиісті нормативті құжаттарына сәйкес анықталады.

### 7. ҚазМУ-дің ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР ҚҰРАМЫ МЕН ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

*7.1.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-да оқытушы-профессорлар құрамының мынадай қызметтері ескерілген: профессор, доцент, аға оқытушы, оқытушы, стажер-оқытушы.

*7.2.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-да ғылыми қызметкерлердің мынадай қызметтері ескерілген: бас ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкер, стажер-ізденуші.

*7.3.* Стажер қызметінен басқа, оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер дәрежелері екі жақты уағдаластықпен айқындалатын, белгілі мерзімге жасалынған конкурстық келісім-шарт негізінде жүзеге асады. Конкурстан өту тәртібі мен келісім-шарттың қорытындысы арнайы Ережемен анықталады.

*7.4.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлері мынандай құқыққа ие: өз қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуге;

оқу бағдарламалары мен жоспарын, оқу-әдістемелік жұмыстарын орындауға және оларды ұйымдастыруды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысу және өзінің зерттеу нәтижелерін өндіріске енгізуге;
өздерінің жеке ерекшеліктерге толық жауап бере алатын және жоғары сапалы оқу процесі мен ғылыми зерттеулерді қамтамасыз ететін оқыту және зерттеу құралдары мен әдістерді таңдауға.

*7.5.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлері міндетті:

әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының жоғары сапа-лылығын қамтамасыз етуге;

студенттерді оқытуды жоғары кәсіптік деңгейде жүргізуге;
педагогикалық-этикалық нормаларды сақтауға;

ғылыми зерттеулер жүргізуге, қол жеткен нәтижелерді оқу процесінде кеңінен пайдалануға;

үнемі өзінің білігін көтеруге.

*7.6.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ белгіленген тәртіп бойынша ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау және олардың білігін көтеру ісін аспирантурада күндізгі және сырттай оқыту жолдарымен, ғылым кандидаттарын докторлық диссертациясын аяқтау үшін докторантураға жіберу арқылы және ғылыми қызметке ауыстыру арқылы, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің білігін көтеретін курстарға, стажировкаға жіберу арқылы, дисссертациялық монографияларды, оқулықтарды аяқтау үшін айлық табысы сақталатын демалысқа жіберу арқылы, шығармашылық демалыстар беру арқылы жүзеге асырады.

*7.7.* ҚазМУ-дағы ғылым мен білімді дамытудағы жоғары еңбегі үшін "ҚазМУ-дің Құрметті профессоры", "ҚазМУ-дің Құрметті докторы" құрметті атақтары бекітіледі.

*7.8.* Әл-Фараби атындағы ҚазМУ оқытушылар құрамына Әл-Фараби атындағы Қазақтың мемлекеттік ұлттық университетінде көп жылғы адал еңбегі үшін "ҚазМУ профессоры", "ҚазМУ доценті" ғылыми атақтарын беруіне құқылы. Ізденушілерге қойылатын талаптар мен ғылыми дәреже берудің тәртіптері арнайы Ережемен анықталады.

*7.9.* ҚазМУ-дағы ерекше еңбегі үшін жекелеген категориядағы оқытушылар мен қызметкерлерге Ғылыми кеңестің шешімімен "Университетке еңбегі сіңген қызметкер" деген құрметті атақ берілуі мүмкін.

"Университетке еңбегі сіңген қызметкер" атағының аты мен оны берудің тәртібі арнайы Ережемен анықталады...

*Интервью*

# Хочешь уехать за рубеж? Не "завали" учебу!

**Темирлан ЖИЕНГАЛИЕВ.**

***Проблема подготовки специалистов-международников была остра еще в советские годы. В огромной стране их выпускал лишь один вуз, и зачастую в зарубежные страны отправляли непрофессионалов. Была даже такая байка. Встречаясь, министры или секретари обкомов шутили друг с другом: "Хочешь уехать за рубеж - "завали" свою отрасль или область". О том, кому и в каком посольстве работать, решал исключительно Центр, который практически не направлял на работу за границей представителей союзных и автономных республик. И потому практически во всех государствах СНГ после распада Союза возник дефицит профессинальных дипломатов. Не обошла эта проблема и Казахстан. В связи этим с 1995 года кафедра международных отношений и внешней политики КазГНУ имени аль-Фараби стала готовить специалистов-международников. Заведует ею доктор исторических наук, профессор Ж.Ибрашев. С ним беседует Т.Жиенгалиев.***

***Корр.: - Жарас Омарович, каков вклад вашей кафедры в подготовку будущих дипломатов?***

Ж.И.: - Еще в 1992 году наш Университет и Министерство иностранных дел заключили договор о подготовке на кафедре дипломатических работников. Учебный план согласовывается с МИД. Очень много наших ребят в настоящее время работают в казахстанских посольствах и консульствах и достойно представляют Казахстан в мире. Наши студенты слушают курс лекций по: "Внешняя политика Республики Казахстан", "Дипломатическая и консульская служба", "История международных отношений и внешней политики". Главным редактором многих учебных программ является министр иностранных дел Касымжомарт Токаев. Выпускаем много учебных пособий, литературы, программ. Недавно первыми в центральной Азии выпустили фундаментальный учебник - "История международных отношений и внешней политики".

***Корр.: - В настоящее время специальность "международные отношения" имеется во многих государственных и негосударственных вузах. Не боитесь ли конкуренции?***

Ж.И.: - Наша кафедра является базовым учебным центром страны по этой специальности. Все учебные планы по "международным отношениям" согласовываются с нашим учебно-методическим отделом по международным отношениям и внешней политике. Конкуренции абсолютно не боимся. Поскольку уровень профессорско-преподавательского состава и качество преподавания находятся у нас на очень высоком уровне. Отличную квалификацию выпускников кафедры отмечают руководители министерства иностранных дел, государственных и коммерческих структур. Кафедра имеет тесные связи с МГИМО, рядом американских, французских, немецких университетов. Кстати, у нас пятилетний, а не четырехлетний курс обучения, в течение которого студенты помимо многих дисциплин изучают два иностранных языка. Один восточный, другой западный.

***Корр.: - Непрофессионализм некоторых наших дипломатов стал притчей во языцах. Один из бывших акимов, посол, распорядился 8 марта подарить местным женщинам колготки. Дело едва не обернулось международным скандалом - на Западе дарение нижнего белья это намек на интимные отношения.***

Ж.И. - Мы готовим кадровых дипсотрудников, поэтому учитываем все тонкости будущей работы выпускников. В частности, студентам читаются такие спецкурсы как "Дипломатический церемониал", "Дипломатический протокол и практика", "Дипломатическая документация". С четвертого курса ребята углубленно изучают историю, внешнюю политику, политическую систему и экономику зарубежных стран.

***Корр.: - Показателем качества учебы и престижности учебного органа являются конкурс при поступлении и процент трудоустройства выпускников. Каковы они у вас?***

Ж.И.: - Судите сами. В 1996 году конкурс на нашу специальность составлял 3 человека на одно место. В 1997 и 1998 годах соответственно 4 и 5. Практически все выпускники, желающие трудиться, нашли работу. И не где-нибудь, а в солидных государственных учреждениях, в уважаемых международных и предпринимательских структурах. Так что за качество обучения отвечаем. Но это не повод для самоуспокоения. Мы не собираемся сбавлять обороты и намерены активизировать работу в дальнейшем.

*Бармасаң, келмесең...*

# Француз Пьер Дорб келді



Жақында журналистика факультетіне Халықаралық Қызыл Крест Комитетінің делегаты француз Пьер Дорб келіп, оқытушылармен және студенттермен кездесу өткізді. Югославия, Таулы Карабах секілді елдерде болған ол аймактық қақтығыстар ортасында журналист міндеті, құқығы жөнінде әңгімелеп, осы мәселені жоғарғы оқу орындарында оқыту туралы өз пікірін білдірді.

*Айтпайын десем...*

## Константин ақсақал келмей қалды

*Журналистика факультетінде дәріс беріп жүрген американдық оқытушылар Джек Хадсон мен Ричард Фэллоустарды суретке түсіріп, газетімізге берейік, сөйтіп университетіміздің халықаралық байланысын бір насихаттап қалайық деген ізгі ниетпен фотограф Константин Исаевич Слектр ақсақалмен хабарласып, күнін, уақытын белгілеп, айтатын адамдарға ескертіп, қонақтарымызға да құлаққағыс жасадық. Бірақ, келіскен күні Константин ақсақал келмей қалды. Әйтпесе, мына жерде шетелдік әріптестеріміздің суреттері тұратын еді...*

?

*Мнение*

# Не имею право осуждать...

*Динара АБДУХОДЖАЕВА.*

***Исповедовать ту или иную религию или не исповедовать никакой - Конституционное право каждого гражданина нашей Республики.***

***На мой взгляд начинающего журналиста, в нижеследующем интервью присуствует ряд проблематичных аспектов, требующих комментариев специалистов-обществоведов, политологов и др. специалистов.***

***- Нарисбек, этнически ты являешься мусульманином, но посещаешь общество, которое проповедует христанскую религию.***

- Да, это центр Евангелизации "Благода".

***- А как ты туда попал?***

- Не так давно, я, как и большинство моих соотечественников, занимался "челночеством", и накопил небольшую сумму, но эти деньги сгорели в банке известной компании. Я остался без денег, без работы. Я нуждался в Вере, неосознанно я начал молиться. В то время я не знал кому молюсь и у кого прошу помощи. И тогда я попал в церковь. Первое ощущение было - интерес, второе радость.

***- А ты был в мечети?***

- Я ждал этого вопроса. Да, я там был.

***- Нарисбек, ты мусульманин, не являешься ли ты отступником?***

- Я не считаю себя отступником, потому что я нашел себя в Иисусе. Богом своим принял Христа. Я и мои родители, так называемые мусульмане, потому что моя семья не соблюдала законы Корана.

***- Ты скрываешь свои убеждения от своих друзей?***

- "Зажженную свечу не ставят под сосуд, а ставят ее на видное место, чтобы светила всем".

***- А как к этому относится твоя супруга?***

- Моя супруга казашка. Ее родители не одобрили ее выбор, были проблемы, меня пытались изменить, но в результате моя теща оказалась очень умным человеком. Она сказала: "Если моя вера учит мудрости, человеколюбию, то она ничего не имеет против".

***- Нарис, ты боишься бога?***

- У меня постоянный страх потерять бога, которого я с трудом обрел. Возвращение блудного сына - это про меня.

Как нам следует относиться к этому обилию церквей, мечетей и др. религиозных учреждений, а также миссионерам всех течений религий, которые как грибы после дождя, буквально заполонили нашу постсоветскую страну в условиях идеологического вакумма?

Народы Центральной Азии этнически являются верующими-мусульманами. В последнее время по примеру героя моего интервью, все большее число коренных жителей принимают христианство, благодаря активной религиозно-политической деятельности миссионеров. Это, естестественно, не может не вызывать негодования, презрения и осуждения их поступков со стороны друзей, родственников, соседей (особенно в сельской местности). По мере прогрессирования этого процесса подобные конфликты грозят перерасти из разряда бытовых и выплеснуться в общество. История знает много прецедентов этому. Хотим мы признавать этот факт или нет, но наблюдается скрытая борьба за умы людей между сторонниками различных конфессий.

Нужно ли государственное регулирование этого процесса или же пусть все идет как идет?! Я не имею никакого морального права осуждать поступок моего знакомого. Однако беспорным фактом является то, что Бог смог ему помочь.

Вера придала ему уверенности в себе, наполнила жизнь определенным смыслом, отлучила от вредных привычек.

Но общеизвестно и другое. Республика Казахстан провозгласила себя светским государством. Всякая религия противоположная к науке, сдерживает развитие прогресса, призывая людей покорности, смирению.

Истина, мне представляется, должна находиться как всегда посередине.

Не будучи экспертом в этой деликатнейшей сфере жизни людей. Я боюсь задеть чувства многих истинно верующих, однако мне, как активному члену нашего демократического общества не безразлично происходящее явление и хотелось бы получить оценку этому процессу со стороны компетентных лиц.

*Құлаққағыс*

# Диссертация қорғалады

Наурыздың 3-інде сағат 14.00.-де ҚазМУ жанындағы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру жөніндегі К14А.01.19 диссертациялық кеңестің мәжілісінде **"Қазақ теледидарындағы дәстүр және жаңашылдық"** (шифр 10.01.10.) деген тақырыпта диссертация қорғалады.

ҚазМУ-дың тележурналистика кафедрасында орындалған бұл жұмысты

***ТҰРСЫН ҚҰДАЙБЕРГЕН ЖҰМАХАНҰЛЫ*** қорғайды.

*Здоровый образ жизни*

# Соревнуются преподаватели

*Н.Н.ТАГАНОВА.*

Спортивный клуб и кафедра физического воспитания КазГУ им. аль-Фараби с 25 января пр 6 февраля 1999 г. провели традиционную 27 спартакиаду "Здоровье" среди профессорско-преподавательского состава, аспирантов и сотрудников КазГУ по 6 видам спорта: настольному теннису, шахматам, бадминтону, мини-футболу, волейболу среди мужчин и женщин. В соревнованиях приняло участие 16 команд - 417 человек. Победителем в общекомандном зачете стал механико-математический факультет (20 очков), 2-е место занял факультет журналистики (23 очка), 3-е - химический факультет (25 очков).

I место в настольном теннисе заняла команда механико-математического факультета, где лучшими игроками среди мужчин и женщин были признаны представители этого же факультета - декан Данаев Н.Т. и доцент каф. МА Ивасенко Л.

Победителем по бадминтону стала команда Ректората, а лучшими игроками среди мужчин и женщин признаны аспирант химического факультета Кан В. и Нурмухамбетова Ш. - ректорат.

В игровых видах спорта победителями спартакиады стали:

Волейбол - (муж.) - команда мехмата.

Волейбол - (жен.) - команда факультета журналистики.

Мини-футбол - ректорат.

Шахматы - физический факультет.

Спартакиада вызвала большой интерес среди профессорско-преподавательского состава, аспирантов и сотрудников, помогла получить хороший заряд бодрости и здоровья, повысить физический тонус участников состязании.

### Интернет-ақпарат

## РИФ - Третий Российский Интернет Форум

С 10 по 13 марта 1999 года Региональный (Российский) общественный Центр Интернет Технологий при содействии Государственного комитета по Связи и Информатизации проводят Третий Российский Интернет-Форум.

Тема РИФ-99: "Технологии интернет - дорога в XXI век".

В рамках Форума предполагается проведение выставки достижений в области технологий Интернет и проведение Дня Инвестора. На основе опыта проведения РИФ-97 и РиФ-98, предполагает для обсуждения на Третьем Российском Интернет-Форуме следующие проблемы:

- Информационная безопасность
- Сети доступа
- Интегрированные сети
- Платежи и коммерция в Интернете
- Русскоязычные ресурсы и поиск в Интернете
- Инвестиции в Российские Интернет-проекты
- Реклама и маркетинг в Интернете
- Рекламные разработки для Интернета
- Масс-медиа в Интернете

На форуме-99 планируется проведение пленарных заседаний, круглых столов и работа по секциям. В дискуссиях и выступлениях Форума примут участие как организации, работающие на рынке Интернет, так и пользователи, которые поделятся своим мнением об использовании Интернет в повседневной жизни и работе.

Программный Комитет имеет честь предложить Вам принять участие в РИФ-99. По интересующим Вас вопросам обращаться в комитет РИФ-99 по адресу:

*Россия, 117418 Москва, Нахимовский просп., д.47, офис 307 или E-mail: forum rocit.ru.*

# Жарнама! Реклама!

*САНА"*

**телестудиясы 11.25-11.40 аралығында эфирде**

Құрметті "САНА" көрермендері!
Қадірлі замандас!

***Егер сіз өз достарыңызды, құрбы-бауырларыңызды туған күнімен не басқа да қуанышымен эфир арқылы құттықтағыңыз келсе, оларға ән-сәлем жолдау ниетіңіз болса, арнайы бейне фильм түсіремін десеңіз, тіпті бейне камера қажет болса бізге хабарласыңыз, келіңіз, көмектесеміз!***

*Біздің телефондарымыз: 47-28-28, 47-28-96.*

*ВСЕМ! ВСЕМ! ВСЕМ!*

**Кто желает поздравить своих друзей! Пообщаться в прямом телерадио эфире... Услышать любимую песню! Заказать видеосъемку, видеофильм, телепередачу. Зафиксировать на видеокассете знаменательные события вашей жизни.**

**Обращайтесь - мы поможем:**
**Телестудия *"САНА"*, факультет журналистики.**
**Телефоны: *47-28-28; 47-28-96.***

*ДОРОГИЕ СТУДЕНТЫ И ПРЕПОДАВАТЕЛИ!*

***Если вы хотите сделать оригинальный подарок своим друзьям и близким - зайдите в радиостудию факультета журналистики. Здесь вы сможете записать ваше поздравление на аудиокассету и сопроводить его музыкой по своему вкусу. Опытные дикторы и саунд-дизайнеры сделают это быстро и профессионально.***

***Если же вы хотите заказать звуковое письмо или музыкальный подарок - радиостудия поможет вам и в этом. Кроме того, вам запишут или перепишут казахские, русские и зарубежные мелодии, понравившиеся передачи, полюбившиеся песни, изготовят рекламные аудиокассеты.***

***Ждем вас в любой день кроме выходных с 9.00 до 13.00 и с 14.00 до 17.00.***

***Сроки выполнения заказов и цены - самые минимальные.***

***Радиостудия "САНА" факультета журналистики.***

***Вниманию абитуриентов***

***Факультет журналистики КазГУ им. аль-Фараби предлагает школьникам старших классов и всем, кто планирует стать журналистом, обучение на подготовительных курсах по специализированной программе у высококвалифицированных преподавателей. Начало занятий - с 1 апреля 1999 г. Оплата - договорная. Все справки по тел. (3272) 47-19-57.***

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**
480078, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат 10 қабат, 1008 бөлме, Тел.:47-82-50, 47-19-24.

Бас редактор - ***Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;***
Нөмірдің кезекші редакторлары - ***Жұлдыз ТӨЛЕУҚЫЗЫ; Айнұр КАРГАЛИНОВА;***

компьютерде терген және көркемдеген - ***Айтгүл БАБАСОВА;***
Фототілші - ***Арман СӘРСЕНБИЕВ;***

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
***К.Н.НӘРІБАЕВ,*** ректор
***Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ,*** *ұйымдастыру және коммерциялық жұмыстар жөніндегі проректор;*
***Л.АХМЕТОВА,*** *кәсіподақ ұйымының төрайымы;*
***Ж.ДӘДЕБАЕВ,*** филология факультетінің деканы;
***Н.ОМАШҰЛЫ,*** журналистика факультетінің деканы.

*Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.*

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ университеті" баспасында 26.02.99. күні басылып шықты. Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 500 дана. № 583 тапсырыс.